

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Мен елімнің ертеңімін»

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.03.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/70137/

Жигиткайырова Куат Жигиткайыровна

Тәрбие сағаты**«Мен елімнің ертеңімін»****Мақсаты:**

1) Балаларға тәуелсіз елімізді өркендетету үшін Отанымызға білімді, саналы азаматтар керек екенін түсініру

2) Сыни тұрғыдан ойлауын дамыта отырып, қиялын шарықтату, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру.

3) Қазіргі өмір талабына сай білімді, мәдениетті, салауатты өмір салтын дәріптейтін, адамгершілігі мол азаматтар болуға үйрете отырып, патриоттық тәрбие беру.

Кіріспе: Біз Отанның гүліміз

Туған жердің нұрымыз

Тәуелсіз біздің еліміз

Қазақстан бай жеріміз

Бүгінгі тәрбие сағатының тақырыбы:

«Мен елімнің ертеңімін»

Балалар, сендер тәуелсіз еліміздің болашақ ұрағысыңдар, нағыз азамат екендеріңді көрсете білдіңдер.

Өткеніңді еске алсаң

Өскеніңнің белгіі

Өткеніңді ұмытсаң

Өшкеніңнің белгісі-деген екен ақын аамыз Ж.Молдағалиев.Халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетестіктері өздеріңе аманат. Сондықтан сендердің алдарыңда үлкен жауапкершілік тұр. Олай болса балалар тақтаға қарайықшы.

Слайдтан көрсету.

1.Елбасы ҚасымЖомарт Тоқаев Кемелұлы

2.Ту

Тудың түсі қандай? Неге түсі көк?

Себебі көк түс-аспан түстес. Аспанымыз ашық болсын деген ұғым. Тудың ортасында күн бейнеленген.

Күннің түсі қандай?

3.Әнұран

4.Елтаңба

5.Бәйтерек

Балалар елеіміздің болашағы сіздер.

Қане, кім туған жер, ел, отан туралы тақпақ біледі?

Саяжан:

Ақ ниетті –алтын күн

Асқақ арман-қыраны

Жалауы бұл халқымның

Мәртебесі мақтаны

Нұрали:

Құт, береке-шаңырақ

Орын алған ол төрден

Қанатты құс-қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген

Гүлдана:

Қатар шапқан қос тұлпар

Ай астында қазақ үй
Қалықтаған жас сұңқар
Шарықтаған таза үй
Елтаңбасы елімнің
Елдігімнің белгісі

Еділ:

Астана арман қала
Бағы бір жанған қала
Тұрады ол жап-жас болып
Мен үлкен болған да да

Нұрай:

Бабалардың көзіндей
Даналардың сөзіндей
Ту ұстаған Астанам
Әсем қалам бас қалам

Сергіту сәті:

«Мен қазақпын»

Үнтақ жармамен жұмыс.

Үнтақпен сурет салу.

Ел тағдырын бәрінен биік қойған ұлттық тұтастығын жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырларымыз бар. Ел үшін жанын қиған қазақ елінің батырларының есімдері мәңгі есімізде сақталады.

Батырларымыздың құрметіне ұлдарымыздың орындауында «Батырлар биі»

Ана тіліміз , Елтаңбамыз, Туымыз, Ата заңымыз, Әнұранымызды бойындағы бойтұмарындай сақтап ғана қоймай қашанда еліміздің , жеріміздің еркіндігін сақтап, мықты азамат болатындарыңа сенімдімін.

Бүгінгі тәрбие сағатымызды «Қазақстан әнімен» аяқтайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.